

Мемлекеттік кәсіпорындарды ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп қайта құру туралы Ережені бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 23 сәуір 1993 ж. N 328

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі ұйымдастыру шаралары туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1136 U931136_ Жарлығына сәйкес, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Осыған қоса беріліп отырған "Мемлекеттік кәсіпорындарды ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп құру туралы Ереже" бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетіне кәсіпорындарды жекешелендірудің Үлгі жоспарын үстіміздегі жылдың 1 мамырға дейін әзірлеп, бекіту тапсырылсын.

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.24. N 1177 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 23 сәуірдегі
N 328 қаулысымен
Бекітілген

Мемлекеттік кәсіпорындарды ашық үлгідегі
акционерлік қоғамдар етіп қайта құру туралы
Ереже

Осы Ереже Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасы мен Қазақстан Республикасы

Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі ұйымдық шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы Жарлығына сәйкес мемлекеттік кәсіпорындарды ашық акционерлік қоғамдар етіп қайта құрудың тәртібін белгілейді.

I Бөлім

Мемлекеттік кәсіпорындарды ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар етіп қайта құрудың тәртібі

1. Мемлекеттік кәсіпорындардың, өндірістік және ғылыми-өндірістік бірлестіктердің бәрі, олардың концерндер, одақтар, ассоциациялар, аумақтық, салааралық және өзге де бірлестіктер, кәсіпорындар (бұдан әрі - кәсіпорындар) құрамына кіретініне-кірмейтініне қарамастан, сондай-ақ жарғылық капиталының 50 проценттен астамы мемлекеттің меншігінде болып отырған жабық үлгідегі акционерлік қоғамдар ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар (бұдан әрі - акционерлік қоғамдар) болып қайта құрылуға тиіс.

Шағын жекешелендіру бағдарламасына енгізілген мемлекеттік кәсіпорындарға, шетелдік инвестициялар үлесті түрде қатысатын кәсіпорындарға (бірлескен кәсіпорындарға), мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдарға, сондай-ақ жекешелендірілуіне Қазақстан Республикасында мемлекеттік меншікті мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің 1993-1995 жылдарға арналған Ұлттық бағдарламасында тыйым салынған кәсіпорындарға бұл Ереже қолданылмайды.

2. Мемлекеттік бірлестіктердің жеке балансы бар құрылымдық бөлімшелерін, егер олардың қызметі бірлестіктегі өндірістік циклмен-технологиялық жағынан байланысты болмаса, мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі тиісті аумақтық комитеттердің шешімімен ашық акционерлік қоғамдар етіп қайта құруға болады. Салалық министрліктің ұсынысы бойынша және Монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеттің оң қорытындысы болған жағдайда бірлестіктің түгелдей акционерленуі мүмкін.

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995. 08.24. N 1177 қаулысымен.

3. Осы Ереженің 1-тармағына жататын әрбір кәсіпорында, бірлестікте, осы Ереженің III бөліміне сәйкес жұмыс істейтін жекешелендіру жөніндегі жұмыс комиссиялары (бұдан әрі - комиссиялар) құрылады.

4. Комиссия кәсіпорын орналасқан жердегі мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетке ол белгілеген мерзімде бекіту үшін мынадай құжаттарды:

- жекешелендіру жоспарын;
- мүлікті бағалау актісін;
- акционерлік қоғамның жарғысын;

- тегін берілетін акциялар пакетін акционерлік қоғамның еңбек ұжымы мүшелері арасында бөлудің тәртібі туралы ережені әзірлеп, тапсырады.

Егер аталған құжаттар белгіленген мерзімде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитетке тапсырылмайтын болса, соңғысы бұл жұмысты акционерленетін кәсіпорынның есебінен шарттық негізде орындауды жекешелендіру жөніндегі бюроға немесе аталған жұмысты жүргізуге лицензиясы бар өзге де ұйымға жүктеуге хақылы.

Мемлекет иелігінен алынуы мен жекешелендірілуі жеке жобалар бойынша жүргізілетін кәсіпорындар үшін Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті акционерлеу үшін өзге мерзімдерді белгілеуі мүмкін.

Ескерту. 4-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.

08.24. N 1177 қаулысымен.

5. Осы Ережеге сәйкес құрылатын акционерлік қоғамдардың жарғылық капиталының мөлшері жекешелендірілетін мүлікті бағалау жөніндегі Ережеде белгіленген тәртіппен анықталады, ол Ережені Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет бекітеді.

Акционерлік қоғамға әлеуметтік-мәдени және коммуналдық-тұрмыстық объектілер (оның объектілік тізімін олардың құнын көрсете отырып меммүлік жөніндегі аумақкомы бекітеді) тікелей мақсаты бойынша одан әрі пайдалану үшін беріледі. Аталған объектілердің құны акционерлік қоғамның жарғылық капиталына қосылмайды. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитет бұрынғы мемлекеттік кәсіпорын негізінде құрған акционерлік қоғам таратылған жағдайда мемлекет атынан Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті сол акционерлік қоғамға бұрын тегін берілген әлеуметтік-мәдени және коммуналдық-тұрмыстық мақсаттағы объектілердің бұдан былайғы тағдырын айқындайды.

Ескерту. 5-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.

08.24. N 1177 қаулысымен.

6. Құжаттар түсірілген күннен бастап жеті күн мерзім ішінде Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеті оларды жекешелендіру туралы заңда белгіленген тәртіппен қарап, өз қаулысымен жекешелендіру жоспарын, мүлік құнын бағалау актісін және акционерлік қоғамның жарғысын бекітеді. Аталған құжаттардың осы Ереже талаптарына сәйкес келмейтіні анықталған жағдайда мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақком түсірілген құжаттарды акционерленетін кәсіпорын есебінен шартты негізде пысықтауды жекешелендіру жөніндегі бюроға немесе аталған жұмыстарды атқаруға лицензиясы бар өзге де ұйымға тапсыруға хақылы. Кәсіпорынды

жекешелендірудің аумақкомы бекіткен жоспары оны ашық үлгідегі акционерлік қоғам етіп қайта құру туралы шешім болып табылады.

Ескерту. 6-шы тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.24. N 1177 қаулысымен.

7. Жекешелендірілуіне Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетімен келісім бойынша рұқсат етілген кәсіпорындарды ашық үлгідегі акционерлік қоғам етіп қайта құру туралы құжаттар Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеті тарапынан Үкіметтің бекітуіне ұсынылады, ол туралы тиісті министрлік, концерн немесе ведомство хабардар етіледі. Екі апта мерзім ішінде Үкімет жекешелендіруге тыйым салу немесе рұқсат ету туралы дәлелді шешім қабылдап, ол туралы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитетіне хабарлайды. Үкіметтің объектіні жекешелендіру туралы шешімі алынғаннан кейін жекешелендіру жоспары бекітілген, ал кәсіпорын жекешелендірілуіне тиіс деп саналады.

Мемлекеттік кәсіпорынды жекешелендіруге тыйым салу туралы шешім жобасын тиісті министрлік, концерн немесе ведомство, яки басқа бір мемлекеттік басқару органы Үкіметтің тапсыруы бойынша 10 күн мерзімде әзірлеуге тиіс.

8. Мүліктің құны мен құрамын анықтау жөніндегі кәсіпорын мен оның бөлімшесі арасында туындайтын дауларды, олар бір аумақта орналасқан болса, тиісті аумақкомы, яки олар түрлі облыстарда орналасқан болса - Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеті қарайды.

Ескерту. 7-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.24. N 1177 қаулысымен.

9. Ашық үлгідегі акционерлік қоғамның құрылтайшысы ретінде аумақком жергілікті әкімшіліктің тиісті органдарына бекітілген жекешелендіру жоспарын, тіркелуге өтінімді және акционерлік қоғамның жарғысын тіркеуге береді. Тіркеу белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Тіркеу алымдары мен өзге де төлемдер қайта құрылатын мемлекеттік кәсіпорындардан алынады.

Ескерту. 9-шы тармақтан сөздер алынып тасталды - ҚРМК-нің 1995.08.24. N 1177 қаулысымен.

10. Акционерлік қоғам тіркелген сәттен бастап кәсіпорынның активі мен пассивін акционерлік қоғам қабылдап алады. Акционерлік қоғам қайта құрылған кәсіпорынның құқықтары мен міндеттемелерінің құқықтық мұрагеріне айналады. Кәсіпорындардың бөлімшелері негізінде құрылған акционерлік қоғамдардың құқықтық мұрагерлігінің шегі мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі тиісті комитеттің шешімімен белгіленеді.

Аталған жағдайлардың бәрінде тапсыру, бөлу баланстарын толтыру қажет етілмейді. Акционерлік қоғам құрылған кездегі оның мүлкінің құрамы оны бағалау актісінде көрсетіледі.

Акционерлік қоғам тіркелген сәтінен бастап мемлекеттік басқару органдарының құрылымынан шығады.

Ескерту. 10-шы тармаққа өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
08.24. N 1177 қаулысымен.
(1 1 - т а р м а қ) .

Ескерту. 11-ші тармақ күшін жойған - ҚРМК-нің 1996.01.19.
N 71 қаулысымен.

12. Акционерлік қоғамның мемлекет тарапынан құрылтайшысы Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті болып т а б ы л а д ы .

Ескерту. 12-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
08.24. N 1177 қаулысымен.

13. Акционерленетін кәсіпорны еңбек ұжымының қызметкерлері акционерлік қоғам акцияларының 10 процентке дейінін тегін алуға құқылы, бірақ олардың жалпы сомасы кәсіпорынның бір қызметкеріне шаққанда, қайта құрылатын кәсіпорында жұмыс істейтіндердің санына көбейткенде он екі орташа айлық жалақы мөлшерінен аспауға тиіс. Бұлардың бәрі артықшылықты акциялар.

Акционерлік қоғам тіркелген соң 15 күн ішінде еңбек ұжымы өзінің жалпы жиналысында қызметкерлердің және Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендіру туралы Заң соларға теңестірген өзге де адамдардың аталымды тізімін бекітіп, олардың әрқайсысына берілетін акциялардың санын көрсете отырып мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетке беруге міндетті.

Аумақтық комитет алған тізімдер тексерілгеннен кейін оларда аталған адамдарды акционерлердің тізіміне қосу үшін акционерлік қоғамның атқарушы органдарына б е р і л е д і .

Ескерту. 13-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
08.24. N 1177 қаулысымен.

14. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитет бекіткен кәсіпорынды жекешелендіру жоспары оның акциялары эмиссиясының сипаттамасы болып табылады .

Ескерту. 14-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
08.24. N 1177 қаулысымен.

15. Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі тиісті аумақтық комитет сол кәсіпорынды жекешелендіру жөнінде Ұлттық жекешелендіру бағдарламасында белгіленген шектеулерді ескере отырып, акциялардың Ұлттық бағдарламада белгіленген бөлігін (жаппай жекешелендіру объектілерінің кемінде 51 проценті) кейіннен аукциондарда инвестициялық жекешелендіру купондарына айырбасқа инвестициялық жекешелендіру қорларына сату үшін, акциялардың қалған бөлігін жазылу негізінде немесе тиісті делдалдар (қор биржалары және т. б.) арқылы заңды ұйымдар мен жеке адамдарға сату үшін Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитетіне жіберу жолымен оларды орналастырады.

Акциялардың сатылуы акционерлік қоғам жүргізетін акционерлер тізіміне тиісті өзгерістер енгізу жолымен тіркеледі.

Ескерту. 15-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995. 08.24. N 1177 қаулысымен.

16. Комиссияны құру кезеңінде және акционерлік қоғам тіркелгенге дейін кәсіпорынды қайта құруға тыйым салынады.

І І Б ө л і м

Кәсіпорындардың ерікті бірлестіктерінің ұйымдық нысанын қолданылып жүрген заңдарға сәйкестендірудің тәртібі

17. Салааралық мемлекеттік бірлестікке, концернге, ассоциацияға немесе кәсіпорындардың өзге де ерікті бірлестігіне қатысушы мемлекеттік кәсіпорындардың (бұдан әрі - бірлестіктер) басшылары бірлестіктің ұйымдық нысанын қолданылып жүрген заңдарға сәйкестендіру және құрылатын серіктестіктің немесе акционерлік қоғамның құрылтайлық құжаттарын әзірлеу жөніндегі жұмысты ұйымдастыру туралы шешімдер қабылдау үшін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті белгілеген мерзімде бірлестіктің басшы органының шақырылуын қамтамасыз етуге міндетті.

Ескерту. 17-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995. 08.24. N 1177 қаулысымен.

18. Құрылатын серіктестіктің немесе акционерлік қоғамның жарғылық капиталының көлемі осы Ереженің I бөлімінің 5-тармағына сәйкес белгіленетін тәртіппен бағаланады. Жарғылық капиталдың құрылтайшы кәсіпорындар қосқан үлестерінің мөлшері бағалау болғанға дейін бүкіл мерзім ішіндегі олардың үлесті және өзге де ақшалай жарналарының жинақталған сомасына тең болып белгіленеді. Мемлекеттік кәсіпорындардың өзге нысанда қосқан мүлдік үлесі, сондай-ақ бірлестікке мемлекеттік басқару органдары берген мемлекеттік мүлік мемлекеттің үлесі б о л ы п т а н ы л а д ы .

19. Мемлекет пен құрылтайшы мемлекеттік кәсіпорындардың жарғылық капиталға қосқан үлесінің мөлшерін белгілейтін құжаттар, егер бірлестіктің республикалық маңызы болса, Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитетінің бекітуіне, яки бірлестік орналасқан жері бойынша - аумақтық комитеттің бекітуіне беріледі.

Мемлекеттік басқару органдары аталған бірлестіктердің қарамағына (балансына) бұрын берген мемлекеттік мүлікті бірлестіктер ашық үлгідегі акционерлік қоғамдар болып қайта құрылған жағдайда, меммүлік жөніндегі тиісті комитеттер жарғылық қорына қосуы мүмкін. Бірлестіктерді қайта құру кезінде құрылатын бірлестіктер мен

акционерлік қоғамдарға мемлекеттік кәсіпорындар мен мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитеттердің мүліктік үлес қосуының тәртібін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеті белгілейді.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
08.24. N 1177 қаулысымен.

І І І Б ө л і м

Жекешелендіру жөніндегі жұмыс комиссиясын құру және оның қызметі туралы ереже

20. Жекешелендіру жөніндегі жұмыс комиссиясы (бұдан әрі - комиссия) ашық акционерлік қоғам болып қайта құрылуға тиісті кәсіпорында, бөлімшеде құрылады.

21. Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорындарды акционерлік қоғамдар етіп қайта құру жөніндегі ұйымдық шаралар туралы" 1993 жылғы 5 наурыздағы N 1136 Жарлығы күшіне енген күннен бастап бір ай мерзімде кәсіпорын басшысы осы Ереженің I бөлімі 1 тармағының талаптарына сәйкес комиссия құру туралы бұйрық шығарады. Комиссияның құрамына еңбек ұжымының өкілі енгізіледі. Кәсіпорын басшысы бұйрығының көшірмесі бұйрық шыққаннан бастап үш күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетке жіберіледі.

Ескерту. 21-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
08.24. N 1177 қаулысымен.

22. Егер кәсіпорынның басшысы аталған мерзімде комиссия құрмаса, онда комиссия әкімшілік өкілінің қатысуымен немесе қатысуынсыз еңбек ұжымының шешімі бойынша құрылады. Еңбек ұжымы жиналысының комиссия құру туралы шешімінің көшірмесі ол қабылданғаннан бастап үш күн ішінде мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетке жіберіледі.

Ескерту. 22-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.
08.24. N 1177 қаулысымен.

23. Комиссия құрамына кәсіпорынның қызметкерлерінен саны бесеуден аспайтын кемінде үш адам кіреді.

24. Комиссия бірінші мәжілісінде комиссия төрағасын сайлайды. Комиссия төрағасы комиссияның жұмысын ұйымдастырады және оның қызметі үшін дербес жауап береді.

25. Комиссияның мәжілісіне комиссия мүшелері жалпы санының кемінде жартысы катысса, ол өкілетті деп саналады.

26. Комиссияның әрбір мүшесі бір дауысқа ие. Комиссияның барлық шешімдері дауыстың жай көпшілік санымен қабылданады. Дауыс саны тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болады. Комиссия қабылдаған шешіммен

келіспейтін комиссия мүшесі өзінің ерекше пікірін жазбаша баяндап, оны комиссия төрағасына тапсыра алады. Ерекше пікір тиісті хаттамаға қосылады.

27. Мәжіліс хаттамасы мен қабылданған шешімдер 3 күн ішінде ресімделіп, оған комиссия төрағасы қол қояды.

28. Комиссия еңбек ұжымының жалпы жиналысын ұйымдастырады және өткізеді, онда акциялардың тегін алынатын бөлігін ұжым мүшелері арасында таратып бөлудің шарттары белгіленеді.

29. Комиссия Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі комитеті бекітетін жекешелендірудің Үлгі жоспарын қолдана отырып, жекешелендіру жоспарын әзірлейді және ол жөнінде еңбек ұжымының келісімін алады.

Ескерту. 29-шы тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.24. N 1177 қаулысымен.

30. Комиссия қолданылып жүрген заңдарға сәйкес мүлікті бағалау актісін жасап, оған қол қояды және осы Ереженің I бөліміндегі 5-тармақта белгіленген тәртіппен акционерлік қоғамның жарғылық капиталының мөлшерін белгілейді.

Ескерту. 30-шы тармаққа өзгерту енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.24. N 1177 қаулысымен.

31. Комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітетін Үлгі жарғысына сәйкес акционерлік қоғамның жарғысын әзірлейді.

32. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті және оның аумақтық органдары белгілеген мерзімде комиссия мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетке осы Ереженің I бөлімінің 5-тармағында көрсетілген құжаттарды түсіреді.

Ескерту. 32-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.24. N 1177 қаулысымен.

33. Комиссия атынан оның төрағасы кәсіпорынның әкімшілігіне өзі белгілеген мерзім ішінде бухгалтерлік және статистикалық есеп жүргізу мен есеп беру деректерін, құжаттар әзірлеу үшін қажетті басқа да ақпаратты әзірлеу мен оларды комиссияға беруді міндеттеуге хакылы.

34. Комиссия атынан оның төрағасы кәсіпорынның ашық акционерлік қоғам етіп қайта құрылуына және жекешелендірілуіне байланысты барлық мәселелер бойынша бірлестіктің, кәсіпорынның, бөлімшенің мүддесін білдіруге хакылы.

35. Комиссияның өз жұмысына сарапшыларды, аудиторларды, консультанттарды және өзге де ұйымдарды қатыстыруға құқы бар.

36. Комиссия құрылған сәттен бастап, акционерлік қоғам тіркелгенге дейін бірлестіктер, кәсіпорындар, бөлімшелер әкімшілігінің комиссия мүшелері болып табылатын қызметкерлері мен лауазымды адамдары әкімшілік инициативасы бойынша жұмыстан шығарылмайды және басқа жұмысқа ауыстырылмайды.

37. Комиссия мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі аумақтық комитетке берілетін

құжаттардың дұрыс әзірленуі және өзі пайдаланатын деректердің дұрыстығы үшін
жауапты болады.

Ескерту. 37-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК-нің 1995.08.24.

№ 1177 қаулысымен.

38. Комиссия өз қызметін акционерлік қоғам тіркелгеннен кейін тоқтатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК